

Ауғанстан ардагерлеріне тағзым

Ш.Ералиев ауылдық мәдениет үйінде, кітапхананың ұйымдастыруымен «Ауғанстан ардагерлеріне тағзым» атты, жерлесіміз, жауынгер интернационалист Назаров Оралбай Әбішұлымен кездесу өткізілді. Кездесу кешін ауылдық кітапхананың кітапханашысы Гүлімай Ахметбекова жүргізді. Жауынгер Оралбай Назаров өзінің әскери борышын өтеу кезіндегі қиын да қызықты өмірін оқушыларға баяндап берді.

Оралбай ағамыз Ауған соғысы басталған кездегі алғашқы жауынгерлердің бірі болған екен. Еш жағдай жасалмаған, төсек орын жоқ, палатканың ішінде шинельдерін астарына төсеп, кептірілген нан мен көкөніс қақтарын жеп күнелткен екен. Балалар жауынгердің балалық шағы, достары, соғыста атқарған қызметтері, отбасы жайлы, алған төсбелгілері жайлы сұрақтар қойды. Кездесу барысында мәдениет үйінің меңгерушісі Жалын Көпбосынов әннен шашу шашты. Осындай ағаларымыздың ізгі өнегелері кейінгі ұрпақты патриоттыққа, батылдыққа, отанын, елін, жерін сүйуге тәрбиелейді деген үміттеміз.

А.С. Жокенова,

Ш.Ералиев ауылдық кітапханасының кітапханашысы